

Арнайы комиссия туралы ережені бекіту туралы

Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 30 қазандағы № 188 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысына және "Арнайы комиссия туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары - Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 344 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33314 болып тіркелген),

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Абай облысы әкімдігінің 02.04.2024 № 67 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Арнайы комиссия туралы ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. "Абай облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
 - 2) осы қаулыны Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. "Арнайы комиссия туралы ережені бекіту туралы" Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 49 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 178946 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысының әкімі

Н. Ұранхаев

Абай облысы әкімдігінің
2023 жылғы "30" казандагы

Арнайы комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы комиссия туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау жөніндегі арнайы комиссияның мәртебесі мен өкілеттігін айқындаиды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) арнайы комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасылардың) өтінішін қарау бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

2) уәкілетті орган – әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органды.

3. Комиссия аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Комиссия өз жұмысын ашықтық, жариялыштық, алқалыштық және әділдік қағидаттарында ұйымдастырады.

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Комиссияның қызметін бақылауды аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің әлеуметтік қорғау мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары жүзеге асырады.

2. Комиссиялардың міндеттері мен функциялары

6. Комиссияның негізгі міндеті "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 -бабы 2-3-тармағының негізінде жергілікті өкілді органдар бекітетін азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесіне сәйкес азаматтардың әлеуметтік көмекке мұқтаждығын және әлеуметтік төлемдердің мөлшерін айқындау болып табылады.

7. Комиссияның негізгі функциясы әрбір жекелеген жағдайда әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсете отырып, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытынды шығару болып табылады.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

8. Комиссия өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.

9. Комиссияның құрамына жергілікті атқарушы органдардың мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде ұйымдардың және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау үекілетті органдарының өкілдері, құқық қорғау органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметкерлері кіреді. Комиссия төрағадан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссияның жалпы құрамы жеті адамнан кем болмауға тиіс.

10. Аудан (облыстық маңызы бар қалалар) әкімінің әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі орынбасары Төраға болып табылады. Төраға Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және Комиссияға осы ережеде жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

11. Үекілетті орган – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Комиссияның жұмыс органды болып табылады. Комиссия хатшысының міндеті осы бөлімнің маманына жүктеледі.

12. Комиссия үекілетті органнан құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды және ашық дауыс беру арқылы әлеуметтік көмек көрсетудің қажеттігі туралы шешім шығарады.

13. Комиссияның шешімдері оның құрамы жалпы санының үштен екісі болған кезде заңды болады.

14. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тен болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

15. Комиссия қабылдаған шешім осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген қорытынды нысанында және мерзімде ресімделеді, үекілетті органға беріледі. Оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшері көрсетіледі.

16. Комиссия әлеуметтік көмек мөлшерін айқындау кезінде жергілікті өкілді органдар "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына сәйкес бекітін әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын басшылыққа алады.

Арнайы комиссия туралы
ережеге қосымша

Арнайы комиссияның қорытындысы

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Абай облысы әкімдігінің 02.04.2024 № 67 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланған күннің кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20 __ ж. " __ " _____ №

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, адамға (отбасыға) мүктаж болуына байланысты төмендегідей себептер бойынша:

(қажеттілігі, қажеттілік жоқтығы)

әлеуметтік көмек үсыну туралы қорытынды шығарады.

Әлеуметтік көмек мөлшері _____ теңге.

(сомасы жазбаша)

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә. (бар болса)

Корытынды қоса берілген құжаттармен ____ данада

20 __ ж. " __ " _____ қабылданды

Кұжаттарды қабылдаған уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә. (бар болса),
лауазымы, қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК